

"Ұялы байланыс қызметін көрсету ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 2 тамыздағы N 264-ө бүйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының 2007 жылғы 9 ақпандығы N 63-п Бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 16 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4573 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2009 жылғы 23 қаңтардағы N 33 бүйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2009.01.23 N 33 бүйрығымен.

Ұялы байланыс қызметінде тарифтеу жүйесін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ұялы байланыс қызметін көрсету ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 2 тамыздағы N 264-ө бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3817 тіркелген, 2005 жылғы 11 қарашадағы N 209-210 "Юридическая газета" және "ЗАң газетінде" жарияланған) мынадай өзгеріс

енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Ұялы байланыс қызметін көрсету ережелерінде 51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Ұялы байланыс операторы осы Ережелердің 44-тармағының талаптарын ескере отырып тарифтеу бірлігінің құнын есепке алу және ақы төлеуді белгілей алады. Тарифтеу бірлігінің көлемі 10 секундтан артық болмауы керек.".

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Байланыс департаменті (Е.В.Волкова) осы бүйрықты белгіленген тәртіpte Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының орынбасары міндетін атқарушы Р.Р. Нұршабековке жүктелсін.

4. Осы бүйрық ресми жарияланған қунінен бастап қолданысқа енеді және Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Web-сайтына орналастырылуы тиіс.

Төраға міндетін атқаруышы

Келісілді:

Қазақстан

Республикасы

Ұлттық

қауіпсіздік

комитеті

төрағасы

2007 жылғы 27 ақпан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК